

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 19 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға Қазақстан Республикасының атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар

енгізуге рұқсат бере отырып, қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

**1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен
жалға беру шарттары және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін
қамтамасыз ету туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары және
Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету туралы келісімнің (бұдан әрі –
Келісім) 25-бабын басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Келісімнің 10-бабының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Полигон қолбасшылығы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы
органдарымен бірлесіп, маусымдық ауыл шаруашылығы және геологиялық барлау
жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ дүлей зілзалаларды жоюда көмек көрсету кезінде
полигон аумағының учаскелерін пайдалану тәртібін айқындайды.».

2. 15-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:
«Полигонның жер учаскелерін Ресей Тарапымен келісім бойынша осы Келісімге
залал келтірмей, Қазақстан Тарапының үшінші елдермен әскери және
әскери-техникалық ынтымақтастығы мүдделеріне орай пайдалануға жол беріледі. Бұл
ретте, Ресей Тарапы осындай пайдалануға байланысты жауапты болмайды және
ш ы ғ ы н д а р д ы к ө т е р м е й д і .

Жекелеген жер учаскелерін пайдалану мәселелері жоспарланған жылдың
алдындағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей Тараптардың қорғаныс

министрліктерімен

келісіледі.».

3. Келісімге қосымша осы Хаттаманың қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етеді.

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

2015 жылғы « » қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы

Ресей Федерациясы

үшін

үшін

1995 жылғы 20 қаңтардағы

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы

арасындағы Сары-Шаған сынақ полигонын

пайдалану мен жалға беру шарттары және

Приозерск қаласының тіршілік әрекетін

қамтамасыз ету туралы келісімге

өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы хаттамаға

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ

полигонын пайдалану мен жалға беру шарттары

және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін

қамтамасыз ету туралы келісімге

ҚОСЫМША

Сары-Шаған полигоны жер учаскелерінің шекараларын анықтайтын координаттық нүктелердің тізбесі

Нүкте нөмірі	Географиялық координаттар		
	с о л т ү с т і к (град., мин., сек.)	е н д і к	ш ы ғы с (град., мин., сек.)
1	2	б о й л ы қ 3	
№ 1 учаске			
1	46 ⁰ 07' 20"		73 ⁰ 34' 28"
2	46 ⁰ 38' 34"		73 ⁰ 26' 20"
3	46 ⁰ 46' 45"		73 ⁰ 25' 40"
4	46 ⁰ 53' 37"		73 ⁰ 18' 25"
5	46 ⁰ 56' 00"		72 ⁰ 39' 45"
6	47 ⁰ 00' 43"		72 ⁰ 01' 50"
7	47 ⁰ 04' 10"		71 ⁰ 52' 00"
8	47 ⁰ 12' 33"		71 ⁰ 19' 40"
9	47 ⁰ 13' 00"		71 ⁰ 02' 00"
10	47 ⁰ 22' 00"		70 ⁰ 26' 00"
11	47 ⁰ 10' 00"		70 ⁰ 23' 33"
12	47 ⁰ 23' 45"		69 ⁰ 32' 31"
13	47 ⁰ 33' 10"		69 ⁰ 20' 19"
14	47 ⁰ 19' 15"		69 ⁰ 14' 00"
15	47 ⁰ 16' 27"		69 ⁰ 12' 40"
16	46 ⁰ 10' 19"		68 ⁰ 13' 22"
17	46 ⁰ 00' 00"		69 ⁰ 16' 20"
18	45 ⁰ 28' 00"		70 ⁰ 31' 50"
19	45 ⁰ 27' 00"		70 ⁰ 36' 00"
20	45 ⁰ 25' 00"		70 ⁰ 56' 30"
21	45 ⁰ 25' 30"		71 ⁰ 27' 20"
22	45 ⁰ 23' 25"		71 ⁰ 34' 00"
23	45 ⁰ 19' 20"		72 ⁰ 03' 42"
24	45 ⁰ 20' 12"		72 ⁰ 17' 20"
25	44 ⁰ 57' 55"		73 ⁰ 17' 23"
26	44 ⁰ 55' 26"		73 ⁰ 19' 56"
27	44 ⁰ 57' 23"		73 ⁰ 30' 30"
28	44 ⁰ 59' 26"		73 ⁰ 38' 45"
29	45 ⁰ 02' 55"		73 ⁰ 46' 23"
30	45 ⁰ 10' 41"		73 ⁰ 42' 57"
31	45 ⁰ 14' 25"		73 ⁰ 44' 40"
32	45 ⁰ 30' 13"		73 ⁰ 29' 58"

33	45 ⁰ 39' 21"	73 ⁰ 21' 15"
34	45 ⁰ 40' 25"	73 ⁰ 18' 50"
35	45 ⁰ 47' 15"	73 ⁰ 19' 55"
36	46 ⁰ 07' 20"	73 ⁰ 34' 28"
№ 2 учаске		
1	47 ⁰ 14' 45"	68 ⁰ 22' 55"
2	47 ⁰ 14' 45"	68 ⁰ 22' 30"
3	47 ⁰ 14' 25"	68 ⁰ 22' 30"
4	47 ⁰ 14' 25"	68 ⁰ 22' 55"
№ 3 учаске		
1	47 ⁰ 23' 48"	67 ⁰ 32' 46"
2	47 ⁰ 24' 07"	67 ⁰ 27' 24"
3	47 ⁰ 23' 17"	67 ⁰ 26' 42"
4	47 ⁰ 21' 06"	67 ⁰ 25' 51"
5	47 ⁰ 20' 18"	67 ⁰ 29' 47"
6	47 ⁰ 21' 07"	67 ⁰ 31' 55"
№ 4 учаске		
1	47 ⁰ 29' 53"	63 ⁰ 05' 55"
2	47 ⁰ 54' 30"	63 ⁰ 13' 26"
3	47 ⁰ 58' 40"	63 ⁰ 14' 02"
4	47 ⁰ 55' 01"	63 ⁰ 40' 56"
5	47 ⁰ 53' 40"	63 ⁰ 42' 56"
6	47 ⁰ 53' 00"	63 ⁰ 39' 56"
7	47 ⁰ 28' 44"	63 ⁰ 40' 53"
8	47 ⁰ 29' 53"	63 ⁰ 05' 55"
№ 5 учаске		
1	47 ⁰ 23' 17"	61 ⁰ 27' 04"
2	47 ⁰ 29' 35"	61 ⁰ 08' 54"
3	47 ⁰ 45' 00"	60 ⁰ 26' 56"
4	48 ⁰ 08' 45"	60 ⁰ 34' 46"
5	48 ⁰ 05' 53"	61 ⁰ 11' 27"
6	48 ⁰ 03' 45"	61 ⁰ 09' 17"
7	48 ⁰ 00' 28"	61 ⁰ 08' 09"
8	47 ⁰ 57' 02"	61 ⁰ 08' 20"
9	47 ⁰ 54' 00"	61 ⁰ 10' 59"
10	47 ⁰ 50' 50"	61 ⁰ 14' 11"
11	47 ⁰ 23' 17"	61 ⁰ 27' 04"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК